

**Ақ Жайықтың №1 журналы**



**Тарихи, танымдық  
тәрбиелік бағыттағы білім,  
ғылым, өнерді насихаттайтын  
тұңғыш батысқазақстандық  
басылым.**

**ОРАЛДА ЖАСАДҒАН!**

**[www.danakaz.kz](http://www.danakaz.kz)**

**+7 777 194 44 77**

# Маңғыстаудан табылған көне кітаптар

Осыдан біраз уақыт бұрын белгілі заңгер Абзал Құспан Ақтау қаласынан бір жәшік көне кітап көтеріп келді. Ол бұл кітаптарды Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технология және инжиниринг университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Шолпан Сапарбайқызынан алыпты. «Бұл кітаптардың не туралы, қайдан, қашан шыққанын анықтау керек. Көмектес!» – дейді ұлттық құндылық десе, ішкен асын жерге қоятын азамат.

Қарап шықтым. Барлығы да араб жазулы көне кітаптар екен. Негізінен, діни мәтін, Ислам тақырыбындағы еңбектер екендігі белгілі болды. Ішінде бірер мерзімді басылым да кездесті. 4-5 қолжазба кітаптың да жұрнағы табылды.

Әрине, бұл кітаптардың қалай, қайдан табылғандығы оқырманды да қызықтырып отырғаны анық. Ақтауға, Шолпан апайға хабарласып, біраз мән-жайға қанықтық.

Шолпан Сапарбайқызының айтуынша, осыдан 7-8 жыл бұрын Матай есімді малшы Маңғыстау ауданы Ұланақ (Торыш) деген жерде кездейсоқ көмбе тауып алыпты. Басында табылған кітап

саны көп, 2-3 кебежедей болған екен. Арасында ескі патша заманындағы ақшалар, қолжазба дәптерлер де болған. Малшы қазынаны әркімге көрсеткен, мешітке де, музейге де апарған көрінеді. Шамасы, ақшаға сатып алатын адам табылмаған соң қызығушылық та азайған секілді. Ақша, заем қағаздар мен жақсы сақталған кітаптарды әркім іріктеп алса керек. Содан қалғаны Шолпан апайдың қолына тиген. Оған да біраз уақыт өтіпті.

– Өзім педагог-ғалым болғандықтан, Совет үкіметі келгенге дейінгі қазақ даласындағы білім беру жүйесі, медреселердегі оқу бағдарламасы, пайдаланған кітаптар туралы білгім келетін. Өкінішке қарай, бұл жәйттер көп зерттелмеген. Совет билігі кезінде бұл тақырып мүлдем жабық болды. Енді ғана бұл тақырыпқа көңіл бөліне бастады. Бірақ қолға түскен дерек аз. Осындай кезде мына табылған қазына ерекше құнды болып тұр. Өзім араб жазуын оқи алмаймын. Қолыңыздан келсе, көмектесіңіз, – деді Шолпан апай.

Сонымен, бұл аманатты асықпай, бірнеше күн отырып, түгел қарап шықтым.

Әрине, бір ғасырға жуық жер астында жатып, кітаптар әбден бүлінген, су сіңіп, шірі бастаған. Дегенмен олардың біразының мән-жайын анықтадық. Кейбірінің деректерін білімі терең ғалымдарға жіберіп, сипаттама дайындаттық. Әлеуметтік желіге жарияланған әңгімімізге де талай адам үн қосты. Олардың ішінде ҚР БҒМ ҒК «Ғылым ордасы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қарасты Сирек кездесетін кітаптар мұражайының ғылыми қызметкері Өмір Тұяқбай, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, шығыстанушы Серікбай Қосан, дінтанушы Әділхан Жақсыбеков сынды мамандар әлеуметтік желіде жарияланған суреттерге өз пікірін білдірді.

Дегенмен біз табылған кітаптардың парақтарын сканерлеп, Түркістан қаласында тұратын шығыстанушы ғалым, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі жазбаларды зерттеген, ғұлама Садуақас Ғылмани қазіреттің қолжазбаларын баспаға дайындаған Сейфолла Моллақанағатұлына жіберген едік. Маман суреттер бойынша бұл табылған көне кітаптардың бірқатарына ғылыми сипаттама жасап шықты.

Сонымен, шартты түрде өзіміз «Торыш медресесі» деп атаған көне кітапханада астрономия, ислам фәлсафасы, тасуыф, ахлақ пен иман, мұқтасардың түрікше аудармасы, Әбу Ханифа мазһабын тұтынушы мұсылмандарға арналған араб және шағатай, ескі татар тіліндегі таңдамалы еңбектер жинақталған болып шықты. Шығыстанушы ғалым Серікбай Қосанның айтуынша, бұл кітаптар Совет үкіметі орнағанға дейін қазақ медреселерінде оқытылып келген.



**Кітаптар тізімі:**

**1. «Ахтари кабир»** - Қазан қаласындағы И. Н. Харитонов баспасынан 1902 жылы шыққан. С. Моллақанағатұлының дерегінше, Ахтари Мұслихиддин Мұстафа ибн Шамсиди Ахмад - түркі-ден шыққан атақты фақиһ (Ислам құқығының білгірі) және лингвист ғалым, дінтанушы, араб әдебиеті мен тіл білімін терең меңгерген білімді болған. Ол бүгінгі Түркия Республикасындағы Афион-Қарахисар деген жерінде 1496 жылы туған, сондықтан ол кісіні кейде Қарахисари деп те атайды. Ғұламаның балалық шағы, алғашқы ұстаздары туралы дерек аз, өмірінің ақырына дейін Кутахия қаласындағы медреседе мударистік қызмет атқарған. Қануни Сұлтан Сүлеймен тұсында өмір сүрген. Қайтыс болған жылы 968/1560-61 деп беріледі. Ең маңызды шығармаларының бірі – дәл осы «Ахтари кабир» арабша-түрікше сөздігі. 40 мың сөзді қамтыған. Автордың өз сөзінше кітап 952/1545 жылы Кутахия қаласында жазылып біткен. Алғаш рет 1242/1826 жылы Стамбулдағы баспаханада кітап етіп басылған. Одан кейін Түркияның басқа қалаларында, Мысырда, Иранда, Қазанда т.б. елдерде басылған. Лингвистика бойынша көне түркі тілдік танымдағы маңызға ие. Бұдан басқа автордың «Тарих-и Ахтари», «Жами ул маса-ил», «Шарх-и рисала әл-Кафауи фил адаб» атты еңбектері кең таралған.

**2. «Әл-жуз үс-салис мин кітаби Жамиур-рмуз уа Ғаууасул бахраин»** –1898 жылы Қазан университетінің баспахана-сында басылған кітап. С. Моллақанағатұлының дерегінше, бұл «Жамиур румуз» (Сырлар/белгілер жинағы) деп аталатын кітаптың үшінші бөлігі және қосымша трактат. Кітаптың авторы: Шамсуддин Мұхаммад ибн Хусамуддин әл-Хорасани әл-Құнестанани – 962/1555 жылы қайтыс болған мұсылман фақиһі. Хорасанның Құнестан деген жерінде туған. Шайхұл Ислам әл-Херауидің шәкірті. Кітап көшіруді кәсіп етіп күнін көреді, кейін финьк ілімін терең меңгеріп, фәтуа бере бастайды. 916/1510 жылы қызылбас Шах Ысмайыл Хорасанды басып алғанда сүнни ғалымдарға қысым көрсетіледі. Сол кезде Құнестанани Бұхараға келеді. «Жамиур румуз» кітабын сол кездері тәмамдаған. Бұхара сұлтаны Убайдулла хан (Қожа Ахмет Ясауи сарынымен хикмет өлең жазған, Құл Убайди лақап атымен мәшһүр ақын қолбасшы, Ясауи хикметтерінің қолжазбаларында

Құл Убайди хикметтерін көптеп кездестіруге болады) 918/1512 жылы Құнестананиді Бұхараға мүфти етіп тағайындады. Құнестанани 962/1555 жылдары Бұхарада қайтыс болады. 950/1543, 953/1546 және 963/1566 жылдары қайтыс болған деген пікірлер де бар. «Жамиур румуз» 1858 жылы Калькутта қаласында басылған, кейін Қазан т.б. қалаларда қайталап шыққан. Қосымша трактат «Ғаууасул бахрайн фи мизан аш шархайн» – төрт имам туралы өмірдеректік трактат. Авторы – Фахриддин ибн Ибраһим афанди әл-Қазафи (әл-Қазани).

**3. «Мұхтасар әл-уқиәна тәржумәсі Түркше»** 1895 жылы Б.Л. Домбровский баспасында басылған. С. Моллақанағатұлының дерегінше, «Мұхтасар әл-уқиәна тәржумасы» деп аталатын кітап – ханафи масхабын ұстанатындар үшін өте үлкен маңызға ие шығарма. Сондықтан Қазан қаласында түркі тіліне аударылып басылған. Аударған – Шахабуддин ибн Мұлла Абдулазиз именли башы. Араб тіліндегі мәтін беріле отырып, түркі тіліндегі аудармасы қатар жазылған. Атақты «Жамиур румуз», «Хидаиә», «Шарх-и уқиәна» кітаптарынан пайдаланылған. «Мұхтасар әл-уқиәна фи масаилил хидаиә» кітабының авторы Убайдулла ибн Масууд ибн Махмуд ибн Ахмад ал-Махбуби Таж үш шариаат 747/1346 жылы қайтыс болған.

**4. «Китаб ул карахиат»** (Жиіркенішті істер туралы кітап), араб тілінде. С. Моллақанағатұлының дерегінше, араб тіліндегі бұл шығармада сауда-саттықтың дұрыстығы және дұрыс емес сауда туралы, әйелдердің етеккір кездеріндегі қарым-қатынас жағдайлары т.б. нәрселер туралы мәселелер қамтылған.

**5. «Қиссасу-л Әнбия»** Рабғузи. Қазан қаласында 1881 жылы татар тілінде басылған кітап. Қазан төңкерісіне дейін қазақ арасында өте танымал болған шығармалардың бірі. Бұны 1311 жылы Рабғузи (Рабат оғизи деген екі сөзден қысқартып алынған) жазған. Рабғузи – автордың бүркеншік аты, шын аты – Насреддин Бурханетдин.

**6. Араб тілінің грамматикасы.** Түркі тілінде. Қазанда басылған кітап. Медресе оқулығы. Жадид үлгісімен жазылған.

**7. Діни мәселелер.** Қазан баспасында басылған кітап. Түркі тілінде. С. Моллақанағатұлының дерегінше, кітап сұрақ-жауап түрінде дайындалған. «Бис-

милла...» сөзімен басталады, «таммат биануиллаһил маликил уаһаб» деген сөзбен аяқталады. Жамағат намазы, парыз намазға үлгеру, ораза туралы, зекет мәселелері және қажылық туралы мәселелерді, яғни исламның бес парызының соңғы төртеуін қамтыған. Кейбір дұғалар араб тілінде берілген.


**8. «Калам Шариф» тәпсірі.** «Тәфсири фауаидтің (Құран аяттарынан алынған пайдалар)» екінші томы. 1889 жылы Қазанда басылған. Мұқабасында: «Бұл тәпсіріміздің екінші рет басылуы. Шама-шарқымызша түзеттік. Қателескендігіміз сауапқа айналатындай дәрежеде қатее жол берілмеді. Бұл тәпсір әш-Шәриф Мұхаммед Зарим махдумның қаражатымен басылды. Осы тәпсірдің басылуына рұхсат етілді, Петір Бурхда. 3 май 1889 жылы» деген жазулар бар.

**9. «Хауас Асмауллаһул Хусна»** – Шамсуддин Хусайнұлының қаражатымен 1313 (1895) жылы Қазан қаласында басылған кітап.

**10. «Мұхтасар әл-Уқиә тәржумасы»** 1902 жылы Қазанда басылған кітап. Мұқабада «Аударған: Қазан қаласының ұлы ғұламаларынан Дамолла Мухаммади ас-Салихи, 1307/1889 жылы қайтыс болған. Саратанның бірінші күні. Бірінші басылымы. Каримиа баспаханасында. Қазан қаласы. 1320 жылы. Демеуші Мұхаммеджан мен оның бауырлары» деген жазулары көрінеді.

**11. «Ислам ғибадаттары»** деп аталатын кітаптың жыртылған парақтары. Тарат тілінде. С. Моллақанағатұлының зерттеуінше, бұл парақтарда «мұфсид», «мубаһ» сөздері мен басқа да діни мәселелер туралы айтылған.

**12. Белгісіз кітаптың парақтары.** С. Моллақанағатұлының анықтауынша, мұнда тазалық мәселелері қозғалған. 25 қатардан «фасулл биір» яғни «Құдық туралы бөлім» басталады. Мысалы: бір құдыққа нәжіс (лас) зат түссе, яки онда бір жануар өлген болса, ісінген немесе жарылған болса, адам яки мал (ешкі, қой т.б.) өлген болса, ол құдықтың суы толық тартылады». Беттің жиегінде қолмен жазылған ескертпе сөздер бар. Ескертпеде «Нұқая» кітабында қосмекенді жануарлар туралы жазылғандығы, яғни жылан мен шаян тәрізді жануарлар суға түсіп өліп қалса не болатыны туралы жазылғанын түртіп қойған. Жазу түркі тілінде.



**13. Қолжазба кітап.** Түркі тілінде.

С. Моллақанағатұлының пікірінше, таза-лық мәселелеріне байланысты жазбалар жинақталған. «Мұхит», «Захира», «Хуласа», «Қазихан» т.б. атақты кітаптарда да жазылғандығын атап көрсеткен. Кейін «талқын», яғни төсек тартып жатқан адамның иманын үйіру мәселесін жазған. Жазбадағы кейбір сөздер өшіп қалған, қатарлардың соңғы жақтағы кейбір сөздері көрінбейді.

**14. «Жолаушы туралы»,** араб тілінде. Жиегіндегі ашықтамада (комментарий) арабша сөздер түркі тілінде түсіндірілген. Беттің төменгі жағында «тұра алмайтын аурулар туралы бөлім» жалғасады.

**15. «Шарх үл ұиқая».** С. Моллақанағатұлының пікірінше, бұл ханафи фиһк кітабының жыртылған парақтары болса керек. Мұнда Рамазан оразасын ұстаушыларға қатысты мәселелер жазылған.

**16. Қолжазба кітап.** С. Моллақанағатұлының зерттеуінше, жазудың тілі түркі, арабша дұға сөздері мен тұмарға арналған дұғалық бөлшектерден әріптер жазылған. Жалпы, тұмар кітаптан көшірілген «дұғалар». Мысалы: түйеге тіл-көз тимеу үшін жазып, тағу керек дұға; туатын кезде қиналса, жазып, ішкізетін дұға; ақсап қалса, жазып, мойнына ілетін дұға; түйе, қой, сиыр баласын алмаса, жазып, мойнына ілетін дұға т.с.с.

**17. Қолжазба кітап.** Парсы тілінде. Настағылық жазу түрімен жазылған. С. Моллақанағатұлының анықтауынша, бұл – араб грамматикасы, «Наху» сабағынан үзінді. «Фарра - қашты» сөзін талдаған.

**18. Қолжазба кітап.** Араб тілінде. Настағылықпен жазылған. Мазмұны «Наху» сабағы, яғни араб тілінің грамматикасы. Бесінші бетіндегі қолжазба араб тілінде, «Мафатихул Жинан» кітабынан алынған «әдеби» мәселелер.

**19. Қолжазба – «Радд ал-мұхтар 'ала дурр ал-мұхтар»** деген шарифат кітабы. Ө. Тұяқбайдың айтуынша, бұл кітаптың авторы – Ибн Абидин деген атпен таны-мал Мұхаммад Әмин ибн Омар ад-Ди-машқи деген Ханафит факих. Ол кісіге бұл лақап атты Зейн ал-Абидин Хүсейн-нің ұлы, Әли р.а. халифтың немересі құрметіне (Әлидің тікелей ұрпағынан болғаннан соң) берген. Бұл факих Да-масктегі нақшбанди сопылық мектебі-нің ірі өкілі болған.

**20. «Бад'ул-амали»** деген қасидасына парсыша, шағатайша жиырмаға жуық түсіндірме жазылған. Авторы – Сирадж ад-Дин 'Али ибн Усман ибн Мұхаммад. Қысқаша Сирадж ад-Дин Оши деп аталады (1205 ж. ө.). Ө. Тұяқбайдың мәліметінше, кезінде Орта Азияда көп оқытылған кітап.

**21. «Кафия».** Араб грамматикасы жайлы кітап. Ө. Тұяқбайдың айтуынша, заманында бұл кітаптың танымал болғандығы сонша, неміс шығыстанушысы Карл Броккельман «Араб әдебиеті тарихы» кітабында Ибн Хаджибтің «Кафиясы» төңірегінде 186 кітап жазылған деген дерек келтіреді.

**22. «Еңбекші қазақ»** газетінің жыртындысы. №154 (882), 1927 жыл, 10 июль, жексембі – мекенжайы Қызылорда қаласы деп көрсетілген, шыға бастағанына 6 жыл болғаны айтылған. 1-2 беттердің жоғарғы сол жақ бұрышы. Газеттің жиегіне қарындашпен жазылған «Ысмағұл Дүйсенбіұлы, адай...» деген сөздерді оқуға болады.

**23. «Риселе ғазизе»** шарх сабат әл-ғажрин, 1874 жылы Қазанда Мұхамеджан Муфтахаддинұлының қаражатымен басылған. Татар тілінде.

**24. «Құран Кәрім».** Мұқабасы жоқ, бастапқы беттері ылғалдан бір-біріне жабысып, ашылмай қалған. 76-беттен

ары қарай беттері парақталады, кей беттің жиегіне көк сиямен, қарындашпен жазулар жазылған, кейбір аяттарды сиямен қоршап, белгілеп қойған. Сақталған соңғы парағы – 526-бет, осы бетте Құран Кәрімнің 79-ншы «Ән-назифат» сүресі орналасқан.

**25. «Нәджм әл-ғылым шарх ғайн-әл-ғылым».** Араб тілінде.

**26. «Һәза китаб тұхфат әл-млук».** Татар тілінде. 1909 жылы Қазан қаласындағы Каримовтар баспаханасынан басылған, шамамен 50 беттен тұратын кітапша.

**27. «Ислам мәжілісі» журналы.** №2, 1924 жыл, 15 қараша. 1343 жыл, 18-рабиғал ахыр. Татар тіліндегі ислам журналы. 82 беттен тұрады. ЦДУМ (Центральное духовное управление мусульман) – КСРО мұсылмандарының орталық діни басқармасының органы.

**28. «Һәза хасие дұға дәулет».** Татар тілінде. 1900 жылы Қазан қаласында Мұхамедғали Минхажаддинұлының ұрпақтарының қаражатына басылған кітап.

**29. «Дұға исм ағзам уә һәм».** Татар тілінде. 1901 жылы Қазан қаласында Мұхамедғали Минхажаддинұлының ұрпақтарының қаражатына басылған кітап.

**30. «Жаңа үлгіде басылып, мұғалімдер тарапынан мақұлданған» мектеп оқулықтарының тізімі.** (барлығы 29 кітап) Қазан қаласындағы «Ағайынды Каримовтер» баспаханасында басылған кітаптар.

Жоғарыда айтылғандай, әу баста табылған кітап саны көп болған. Бірақ біздің қолымызға жоғарыдағы кітаптардың кейбір бөліктері ғана тиді. Бірнеше айға созылған зерттеу, іздену жұмыстарының нәтижесі осындай, құрметті оқырман!